

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне аралық сот қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 тамыздағы N 884 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне аралық сот қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне аралық сот қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

1. "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы Заңында (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 21 , 276-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 21-22, 281-құжат):

1-баптың үшінші абзацында "әкімшілік процестің" деген сөздерден кейін "не аралық талқылаудың" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 23, 335-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 32-33-құжаттар; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат):

82-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) аралық судьяның міндеттерін атқаруға байланысты оған белгілі болған жағдайлар туралы - аралық судья;" .

3. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңына (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 11, 66-құжат):

5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) аралық соттар шешімінің негізінде берілетін атқару парақтары;"

7-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) аралық соттар шешімінің негізінде берілетін атқару парақтары;"

7-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"шешім күшіне енген күннен кейін - аралық соттар шешімінің негізінде берілген атқару парақтарын атқару кезінде".

4. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 18, 644-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 15-16, 239-құжат; N 21-22, 281-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат):

1) 79-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) аралық судьяның міндеттерін атқаруға байланысты оған белгілі болған жағдайлар туралы - аралық судья;"

2) 154-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) өтініш жасаған кезде, аралық сотта аралық келісімге сәйкес сол тараптардың арасында, сол зат туралы және сол негіздемелер бойынша дау қаралса,"

3) 170-бап мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) тараптардың арасында осы дауды аралық соттың шешуіне беру туралы келісімнің бар-жоғын және жауапкерде осыған байланысты сотта дауды шешуге қарсылықтың бар-жоғын анықтайды;"

4) мынадай мазмұндағы 18-1-тараумен, 241-1, 241-2 және 241-3-баптармен толықтырылсын:

"18-1-тарау. Аралық сот шешімін орындау

241-1-бап. Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындау

1. Егер аралық соттың шешімі өз еркімен онда белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, аралық соттың шешімі пайдасына шығарылған тарап (өндіріп алушы) осы бапта көзделген ережелер бойынша аралық соттың шешімі мәжбүрлеп орындау туралы арызбен аралық сот дауды қарайтын жердегі сотқа жүгінуге құқылы.

2. Атқару парағын беру туралы арызға мыналар қоса беріледі:

1) аралық сот шешімінің түпнұсқасы немесе көшірмесі. Тұрақты жұмыс істейтін аралық сот шешімінің көшірмесін осы аралық соттың төрағасы куәландырады, нақты дауды шешуге арналған аралық сот шешімінің көшірмесі нотариаттық куәландырылуға тиіс;

2) заңмен белгіленген тәртіппен жасалған аралық келісімнің түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

3. Атқару парағын беру туралы арыз аралық соттың шешімін өз еркімен орындау үшін мерзім аяқталған күннен бастап үш жылдан кешіктірілмей берілуі мүмкін.

4. Белгіленген мерзімі өтіп берілген не қажетті құжаттар қоса берілмеген арызды сот қараусыз қайтарады, бұл туралы осы Кодексте белгіленген тәртіппен шағымдануы мүмкін ұйғарым шығарылады.

5. Егер көрсетілген мерзім өткізіп алу себептерін дәлелді деп тапса, сот атқару парағын беру туралы арызды беру мерзімін қалпына келтіруге құқылы.

6. Атқару парағын беру туралы арызды құзыретті соттың судьясы жеке-дара құзыретті сотқа арыз түскен сәттен бастап он бес күн ішінде қарайды.

7. Өндіріп алушыдан түскен арыз туралы, сондай-ақ сот оны сот мәжілісінде қарау орны мен уақыты туралы борышкерге хабарлайды. Өндіріп алушы да оның арызын қарау орны мен уақыты туралы хабардар етіледі. Сот мәжілісіне борышкердің немесе өндіріп алушының келмеуі, егер борышкерден сот мәжілісіне келмеу мүмкіндігінің дәлелді себептері көрсетіліп арызды қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспесе, арыздың қаралуына кедергі болып табылмайды.

8. Құзыретті сот аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беру туралы арызды қарау кезінде аралық соттың шешімін мәні бойынша қайта қарауға құқығы жоқ.

9. Сот арызды қарау нәтижелері бойынша атқару парағын беру не оны беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Атқару парағын беру туралы құзыретті соттың ұйғарымы тез арада орындауға жатады.

241-2-бап. Атқару парағын беру

1. Сот аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беру туралы ұйғарым шығарған кезде атқару парағы осы Кодекстің 236-бабының ережелері бойынша беріледі.

2. Аралық соттың шешімін мәжбүрлеп орындатуға атқару парағын беру туралы арыз бойынша шығарылған құзыретті соттың ұйғарымы сот актілеріне шағым беру үшін осы Кодексте көзделген тәртіппен шағым берілуі мүмкін."

241-3-бап. Атқару парағын беруден бас тарту

Құзыретті сот мынадай жағдайларда:

егер:

- 1) оған қарсы аралық сот шешімі қабылданған тарап құзыретті сотқа: аралық келісім жарамсыз болып табылатынын:

аралық сот шешімі аралық келісімде көзделмеген немесе оның шарттарына тура келмейтін дау бойынша қабылданғанын немесе аралық келісімнің шегінен шығатын мәселелер жөніндегі, сондай-ақ аралық сотқа ведомстволық бағынысты емес даудың салдарынан, қаулылардан тұратынын. Егер аралық келісіммен қамтылатын мәселелер жөніндегі аралық сот қаулылары осындай келісіммен қамтылмайтын мәселелерден

ажыратылса, онда атқару парағын беруде аралық келісіммен қамтылатын мәселелер жөніндегі қаулылардан тұратын аралық сот шешімінің сондай бөлігін орындауға атқару парағын беруге бас тартылмайтынын;

аралық сот құрамы немесе аралық талқылау Қазақстан Республикасының аралық талқылау туралы заңдарының талаптарына сәйкес келмейтінін;

оған қарсы аралық сот шешімі қабылданған тарап аралық соттың сайлануы (тағайындалуы) туралы немесе аралық сот отырысының уақыты мен орны туралы не басқа да себептермен аралық сотқа өзінің түсіндірулерін көрсете алмайтынын;

аралық келісім жасауда тараптардың бірі толығымен немесе ішінара іс-әрекетке қабілетсіз болатынын;

сол тараптардың арасындағы дау бойынша, сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған құзыретті соттың немесе аралық соттың заңды күшіне енген шешімі не талап қоюшының талап қоюдан бас тартуына байланысты іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтату туралы соттың немесе аралық соттың ұйғарымы болатынын;

соттың шешім шығаруы сот үкімімен анықталған қылмысты жасау нәтижесінде мүмкін болатынын дәлелдесе;

2) құзыретті сот мыналарды:

дау Қазақстан Республикасының заңдарына немесе осы дау бойынша тараптарды аралық келісім бағындырған басқа құқыққа сәйкес аралық талқылаудың мәні бола алмайтынын;

аралық сот шешімі Қазақстан Республикасының заңдылық қағидаты мен жариялылық тәртібіне қайшы келетінін анықтаса, атқару парағын беруден бас тарту туралы ұйғарым шығарады."

5) мынадай мазмұндағы 39-1-тараумен және 331-1, 331-2-баптармен толықтырылсын:

"39-1-тарау. Аралық соттардың шешімдеріне шағым беру туралы істер бойынша іс жүргізу".

331-1-бап. Арыз беру

Аралық соттың шешіміне шағым беру туралы арызды аралық талқылау тараптары, іске қатысуға тартылмаған, бірақ олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты сот заңда көзделген негіздемелер бойынша шешім қабылдаған үшінші тұлғалар, тараптың шағым беру үшін негіздемелер барын білген кезінен бастап, отыз күн ішінде осы тарауда көзделген ережелерге сәйкес аралық сот даудың қараған орнындағы сотқа бере алады.

331-2-бап. Арызды қарау

1. Аралық сот шешіміне шағым беру туралы арызды сот іс қозғалған сәттен бастап он күн ішінде қарайды.

2. Сот аралық сот шешіміне шағым беру туралы арызды қарау нәтижелері бойынша аралық сот шешімінің күшін жою туралы не арызды қанағаттандырудан бас тарту

туралы ұйғарым шығара алады. Сот ұйғарымына мүдделі тұлғалар шағым беруі мүмкін

5. "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56-құжат):
594-баптың 1-тармағы "Егер заңмен өзгеше көзделмесе," деген сөздермен толықтырылсын.

6. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат):
495-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы "сондай-ақ" деген сөзден кейін "аралық соттардың" деген сөздермен толықтырылсын;
496-баптың 1-тармағының 10) тармақшасы "сондай-ақ" деген сөзден кейін "аралық соттардың" деген сөздермен толықтырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті